

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ ІС – ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ – МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Оразбаева Ботагөз Нұрболатқызы

Orazbaevabotagoz02@gmail.com

«Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Кинжибаева Ф.Б.PhD, қауымд.профессор м.а.

fari_0974@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстандағы білім саласында ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мен оларды оқу процесіне сәтті енгізу ерекше өзектілікке ие. Ұлттық құндылықтар – бұл еліміздің жылдар бойғы тәжірибесі мен дүниетанымының, мәдениеттілігі мен дәстүрлерінің нәтижесінде қалыптасқан, адами қасиеттер және рухани дамудың өзегін құрайтын маңызды негіздер. Халқымыздың қазіргі ағарту ісінде көптеген жаңашылдықтар мен революция өтуде. Бұл өзгерістердің ең маңызды деп саналатын көрсеткіші – ұлттық деп саналатын құнды ерекшелігіміздің білім беру жүйесінде интеграциялануы. Білім беруде жас өскіннің білімін, тәрбиесін дамытатын басты көрсеткіш. Ал ұлттық құнды ерекшеліктеріміз, өз еншісінде, ұлттың рухани құндылығымен, тарихи тұғырын сақтай отырып, алдағы уақытта ол затты болашақ жастарға жеткізудің негізі болып есептеледі.

Ұлттық құндылықтар – бұл тұтас бір ұлттың рухтық және материалдық құндылығын, оның өмір сүрудегі салты, мәдениеті, діні, әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлері. Бұлар ұлттық ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан айрықша дүниелерді қамтиды. Қазақ халқының ерте заман келе жатырған, нық қалыптасқан ұлттық құндылықтары – ұлтымыздың болмысын, мәдениетінің ерекше белгісін айқындайды. Аталған құндылықтар негізінде ұлттық сананы, бірлікті, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру аса ерекше іс – әрекеттер. Ұлттық құндылық делінгенде, тек салт – дәстүрлер ғана емес, тұлғаның рухани байлығы, мәдениеті, ұлттық рухы, азаматтық борышы мен міндеті де қамтылады. Ұлттық құндылық адамдардың әлеуметтік жүйесінде адамгершілік қалыптары мен моральдық бағыттарын қалыптастыруға көмектеседі. Олар жас буынға ұлттық таным арқылы тәрбие беруге мүмкіндік туғызады.

Қазіргі таңда халқымыздың білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтардың мәнділігі артып келеді. Осы бағытта бірнеше өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізілді. Қазақстанның білім саласындағы реформалар мен бағдарламалар ұлттық құндылықтарды жас буынға жеткізуге бағытталған. Мектеп бағдарламаларында ұлттық құндылықтарды енгізу: Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларында ұлттық мәдениетті, тарихты, әдебиетті, тіл мен салт – дәстүрлерді оқытуға ерекше назар салынууда. Бұл арқылы өскелең ұрпаққа тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар мәдени, рухани

құндылықтарды да үйрету көзделеді. Қазақстанның мектептерінде ұлттық салт – дәстүрлер мен әдет – ғұрыптарды оқыту және оларды тәжірибеде пайдалану қазіргі таңда басты қадамдардың бірі. Мысалы Наурыз мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Туған күндер мен үйлену тойларында ұлттық дәстүрлерді сақтау және дамыту арқылы жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру көзделеді[1].

Қазіргі білім беру кеңістігінде ұлттық құндылықтарды тиімді түрде енгізу – мемлекет дамуының стратегиялық басымдықтарының бірі. Бұл құндылықтар – халқымыздың тарихи тәжірибесі, өмірлік философиясы, салт-дәстүрі мен мәдениеті арқылы қалыптасқан рухани-адамгершілік мұра.

Мұғалім – жас ұрпақтың бойына ұлттық болмысты сіңіруде маңызды рөл атқаратын тұлға. Ол тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың дүниетанымын қалыптастырушы, құндылықтық бағдар беруші ретінде де танылуы тиіс.

Ұлттық тәрбиенің мазмұнын заманауи білім беру үрдісіне тиімді енгізу үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен басқарушылық қабілеті жоғары деңгейде болуы шарт. Бұл ретте педагогтің іс-әрекетін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру аса маңызды.

Білім берудегі құндылықтық бағыттылық – жеке тұлғаның рухани дамуына, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершіліктің қалыптасуына әсер ететін басты факторлардың бірі. Сондықтан да бұл мәселе қазіргі педагогикада кеңінен талқылануда[2].

Ұстаздың оқыту барысындағы басқарушылық іс – әрекеті білім мазмұны мен әдістемесін ұлттық негізде ұйымдастырудың кепілі. Бұл әрекетті жүйелі модель арқылы қарастыру – білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Мұғалім ұлттық құндылықтарды әртүрлі әдістер арқылы оқушылардың өмірінде пайдалана алуына мүмкіндік береді. Ол – ұлттық тарихты, әдебиетті, өнерді, оқыту арқылы оқушылардың санасын, ұлттық деңгейде ойлана алуын қалыптастырады. Ұлттық құндылықтар қазіргі қоғамда тәрбиеленіп жатқан жас өскін үшін маңызды рөл атқарады. Олар тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыруда, қоғамның рухани және мәдени тұтастығын сақтап тұруда маңызды мәнге ие. Қазақстанның көпұлтты және көпмәдениетті қоғамында ұлттық құндылықтар негізінде болашақ ұрпақты өз халқының мәдениетін құрметтеуге, салт – дәстүрлерді бағалауға баулу қажеттілігі артып келеді. Бұл ұлттық мәдениетті сақтау және жетілдіруге, сонымен қатар білім алушылардың мәдени өзіндік санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің іс – әрекетін басқару – бұл педагогикалық үдерістің тиімділігін жоғарылату мақсатында оның ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуын басқаратын, құрылған жоспар бойынша бірізді жұмыс жүргізуді қамтамасыз ететін үдеріс. Ұлттық құндылықтарды оқыту жүйесіне енгізуде мұғалімдердің рөлі ерекше. Мұғалімдер – ұлттық мәдениетімізді ұрпақтарға жеткізетін, жас буынның бойында ұлттық рухты қалыптастыратын алғашқы тәлімгерлер. Мұғалімдер ұлттық тәрбиені оқыту барысында, сыныптан тыс іс – шараларда және жеке қарым – қатынаста жүзеге асыра алады. Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында мұғалімнің іс-әрекетінің басқарылуы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына маңызды әсер етеді. Мұғалімнің дұрыс ұйымдастырылған жұмысы, ұлттық құндылықтарды тиімді жеткізу әдістері оқушыларды тек біліммен емес, сонымен қатар өмірлік дағдылармен, ұлттық тәрбие мен мәдениетпен байытады. Мұғалімнің іс – әрекетін басқару оқушылардың мотивациясын арттыруға, олардың білімге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды оқытуда мұғалімнің іс – әрекетінің құрылымдық – мазмұндық моделі бірнеше негізгі компоненттерден тұрады:

Мақсат: Ұлттық құндылықтарды оқушыларға ұғындыру және тәрбиелеу.

- ✓ Ұлттық құндылықтар мен мәдениеттің мәнін түсіндіру.
- ✓ Оқушыларды өз мәдениетіне, тарихына деген құрметке тәрбиелеу.
- ✓ Ұлттық салт – дәстүрлерді сабақта пайдалануды ынталандыру.

Мазмұн: Ұлттық құндылықтарды қамтитын оқу материалдары. Мазмұнның негізгі бағыттары:

- ✓ Тарихи және мәдени білім: Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тілінің маңызы, ұлттық батырлар мен тұлғалар туралы түсініктерін байыту

- ✓ Этикалық құндылықтар: Адалдық, еңбек сүйгіштік, адамгершілік, жауапкершілік.
- ✓ Салт – дәстүр: Ұлттық ойындар, мерекелер, халықтық әдет – ғұрыптарды бағдарламаға сай ұйымдастыра білу.
- ✓ Ұйымдастыру: Мұғалімнің іс – әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы.
- ✓ Жеке және топтық жұмыс: білім алушылардың топ ішінде және жеке түрде жұмыс жасауын ұйымдастыру.
- ✓ Интерактивті әдістер: Оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді қолдану (дискуссиялар, пікірталастар, рөлдік ойындар).
- ✓ Тәжірибелік жұмыстар: Оқушыларды ұлттық құндылықтарды тәжірибеде қолдануға бағыттау (көрмелер, мәдени шаралар, этнографиялық экспедициялар).

Әдіс – тәсілдер: Мұғалімнің ұлттық құндылықтарды ұғындыруға бағытталған педагогикалық әдіс – тәсілдері[3].

- ✚ Әңгімелесу әдісі: Оқушылармен ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер туралы әңгімелесу.
- ✚ Ойын әдістері: Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді пайдалану.
- ✚ Әдеби шығармалар арқылы тәрбиелеу: Қазақ халқының әдеби мұрасынан үзінділер оқу, ұлттық тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар орындау.
- ✚ Тренингтер мен семинарлар: Оқушыларды ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінуге бағытталған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.

Мұғалімнің іс-әрекетінің нәтижелілігін бағалауда бірнеше негізгі критерийлерді қолдануға болады:

Оқушылардың білім деңгейі: Мұғалімнің ұлттық құндылықтарды оқытудағы іс – әрекетінің нәтижесін бағалауда ең бірінші көрсеткіш – оқушылардың білім деңгейі. Олар ұлттық құндылықтар туралы не білетіні, оларды қаншалықты жақсы түсінетіні мен қабылдайтыны маңызды. Бұл критерийді бағалау үшін тестілеу, сауалнамалар, эсселер мен жеке жобалар сияқты әдістерді қолдануға болады.

Оқушылардың мінез – құлқы мен тәрбиесі: Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында оқушылардың мінез – құлқында және олардың әлеуметтік қарым-қатынастарында өзгерістер болуы мүмкін. Мұғалімнің іс-әрекетінің нәтижелілігі – оқушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген этикалық нормаларды қаншалықты ұстанатындығында да байқалады. Мұнда әлеуметтік жағынан жауапкершілікті арттыру, ынтымақтастық, құрмет көрсету, адалдық сияқты мінез-құлық көрсеткіштері маңызды.

Оқушылардың құндылықтар мен дәстүрлерді ұстану деңгейі: Мұғалімнің ұлттық құндылықтарды оқытудағы іс – әрекетінің нәтижелігін бағалауда олардың тәрбиелік әсерін байқауға болады. Егер оқушылар ұлттық салт-дәстүрлерді, тіл мен мәдениетті құрметтесе, оны өз өмірінде қолдануға тырысса, мұғалімнің іс-әрекетінің нәтижелі болғаны деп айтуға болады. Бұл бағалау әдісіне оқушылардың қоғамдық шараларға қатысуы, өздерінің мәдени мұраларына деген қызығушылығы мен құрметі кіреді.

Қоғамдық және отбасылық пікірлер: Оқушылардың мектептен тыс өмірі мен отбасы ортасында ұлттық құндылықтар туралы қандай пікір қалыптасқаны да маңызды. Оқушылардың отбасы мүшелері мен қоғамдағы өзара қарым-қатынасын талдау, мұғалімнің оқушыларға берген тәрбие мен білімнің нәтижелілігін көрсетеді[4].

Мұғалімнің іс – әрекетінің нәтижелілігін бағалаудың әдістері

Психологиялық – диагностикалық әдістер: Мұғалімнің іс – әрекетінің нәтижелілігін бағалау үшін психологиялық тестілер, сауалнамалар, пікір сұраулар мен анкеталар қолдануға болады. Бұл әдістер арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын, түсінігін және оларды өмірде қолдану деңгейін анықтауға болады.

Құзыреттілік тәсіл: Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында оқушылардың құзыреттіліктерін бағалау өте маңызды. Мұғалімнің іс-әрекетінің нәтижелілігін бағалау барысында оқушылардың өз бетімен білім алуға, ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде пайдалануға және жаңа ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдай білу дағдыларына назар аудару қажет.

Практикалық тапсырмалар мен жобалар: Оқушылардың ұлттық құндылықтарды қаншалықты түсінгенін, оларды қаншалықты өз өмірінде қолдана алатындығын бағалау үшін түрлі практикалық тапсырмалар мен жобалар ұйымдастыруға болады. Оқушыларға ұлттық тақырыптарға арналған шығармалар жазу, эсселер, әртүрлі жобалар жасау тапсырмалары беріледі. Кері байланыс: Мұғалімнің іс – әрекетінің нәтижелілігін бағалаудың тағы бір әдісі – оқушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс орнату. Бұл тәсіл арқылы мұғалім өз жұмысының тиімділігі мен оқушылардың білім деңгейін тексере алады.

Ұлттық құндылықтарды оқытудағы мұғалімнің іс – әрекетінің нәтижелілігін арттыру жолдарын мынадай бірнеше топқа бөліп қарастырайық:

Кәсіби дамуды қамтамасыз ету: Мұғалімдердің ұлттық құндылықтар туралы білімін тереңдетіп, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында түрлі курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Бұл мұғалімдерге оқушыларға ұлттық құндылықтарды тиімді әрі қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңа әдіс – тәсілдерді енгізу: Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында интерактивті әдістер, шығармашылық тапсырмалар, тәжірибелік жұмыстар мен жобаларды қолдану оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Қоғамдық және мәдени шараларға қатысу: Мұғалімдер ұлттық құндылықтарды оқыту барысында оқушыларды түрлі мәдени іс-шараларға, ұлттық мерекелерге және дәстүрлерге қатысуға тарта отырып, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыра алады[5].

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ұлттық құндылықтар тек өткеннің мұрасы ғана емес, болашақ ұрпақ үшін маңызды бағдар болып табылады. Бүгінгі жастарға ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді, тіл мен ділді насихаттау арқылы біз ұлттың рухани байлығын сақтай аламыз. Сондықтан, білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды оқытуға баса назар аудару өте маңызды. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мұғалімнің іс – әрекетіне басымдық беру арқылы біз жастардың бойында отансүйгіштік сезімін, ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырып, ел бірлігін нығайтуға өз үлесімізді қосамыз. Мұғалімнің іс – әрекетін басқарудың құрылымдық – мазмұндық моделі ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде оқыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып, қоғамдағы рухани байлықты сақтау мен дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етіп, еліміздің болашақ дамуына зор үлес қосады. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мұғалімнің іс-әрекетін басқарудың құрылымдық-мазмұндық моделі білім беру жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады. Бұл модель мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыруда негіз болатын негізгі қағидаларды, әдіс-тәсілдерді және педагогикалық стратегияларды қамтиды. Ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – еліміздің болашағы мен ұлттық бірлігін нығайту үшін қажетті процесс.

Мұғалімнің іс – әрекетін тиімді басқару арқылы оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері, адамгершілік дүниетанымы қалыптасады, олар өз халқының мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын терең түсініп, құрметтейді. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті тек білім беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік міндеттерді шешу, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды жүйелі түрде оқыту арқылы қоғамның мәдени-әлеуметтік өміріне үлес қосу мақсатында жүзеге асады. Құрылымдық – мазмұндық модельдің тиімділігі мұғалімнің ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданатын әртүрлі әдіс – тәсілдерімен, оқушылардың белсенділігін арттыруда пайдаланылатын жаңа педагогикалық әдістермен тікелей байланысты. Сонымен қатар, бұл модель мұғалімнің педагогикалық қабілеттерін дамытудың және ұлттық құндылықтарды оқытуда олардың рөлін анықтаудың тиімді жолын ұсынады. Мұғалімдердің осы модельді іске асыруы ұлттық мәдениетіміз бен тәрбиемізді жаңғыртуға және дамытудың негізі болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбергенова Г.Қ. "Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беру".
2. Қоянбаев Ж.Б. "Мектеп педагогикасы".

3. Мұқанова С.Ш. "Ұлттық тәрбие негіздері".
4. Дүйсембина Б.Т. "Ұлттық білім мен тәрбие".
5. Сейтбекова Г.М. "Қазақ халқының ұлттық педагогикасы".